

«Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» КеАҚ

СЕМИНАРДЫҢ ДӘРІС МАТЕРИАЛЫ

Тақырыбы: «Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысы үшін отандық жүзім сорттарының ассортименті»

(«Жеміс-жидек дақылдары, бақ шаруашылығы, көшет шаруашылығы, бақша шаруашылығы» бағыты)

«Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін өтеусіз негізде ақпараттық қамтамасыз ету» 100 кіші бағдарламасының «Білім мен ғылыми зерттеулердің қолжетімділігін арттыру» 267 бюджеттік бағдарламасы шеңберінде «Агроөнеркәсіптік кешен субъектілері үшін білімді өтеусіз негізде тарату жөніндегі қызметтер» мемлекеттік тапсырмасы шеңберінде әзірленді.

ҚҰРАСТЫРУШЫ: бағыт бойынша сарапшы үйлестіруші «Жеміс-жидек дақылдары, бақ шаруашылығы, көшет шаруашылығы, бақша шаруашылығы», Ажитаева Л.А.

Жауапты семинар оқытушысы: Ажитаева Лаура Амантайқызы, PhD доктор, «ҚазЖКШҒЗИ» ЖШС жеміс, жидек дақылдары мен жүзім селекциясы бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері.

Семинар өтетін орын: «Талғар» аймақтық филиалы, «ҚазЖКШҒЗИ» ЖШС, Алматы облысы, Талғар ауданы, Алатау ауылдық округі, Алмалық ауылы, Абылай хан көшесі, 1а үй.

Семинарды өткізу күні: 18 шілде 2025 ж.

Семинар тақырыбы: Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысы үшін отандық жүзім сорттарының асортименті.

Семинардың мақсаты мен міндеттері: Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында өсірілетін отандық жүзім сорттарының асортиментін зерттеу. Әрбір сорттың агротехникалық сипаттамаларын, өнімділік көрсеткіштерін және сапалық ерекшеліктерін анықтау. Жүзім шаруашылығын дамыту үшін тиімді сорттарды іріктеу және оларды шаруашылықта қолдану жолдарын ұсыну.

МІНДЕТТЕРІ:

- Жүзімнің агроэкологиялық ерекшеліктерін анықтау.
- Асортимент құрамын бағалау.
- Жоғары өнімді және сапалы сорттарды ұсыну.

Мақсатты аудитория: жеміс-жидек саласын дамытумен айналысатын немесе мүдделі агроөнеркәсіптік кешен субъектілері, әлеуетті инвесторлар мен жер иелері, жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік және азаматтық қызметшілері және олардың ведомстволық бағынысты ұйымдары, ауыл шаруашылығы кооперативтерінің басшылары мен мүшелері, шаруа (фермер) қожалықтарының басшылары, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер және экспортқа бағдарланған жеміс-жидек өндірумен айналысатын немесе мүдделі басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілер-жидек өнімдері.

Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысы үшін отандық жүзім сорттарының ассортименті

Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысы – ауыл шаруашылығының ең дамыған аймақтарының бірі. Бұл өңірлердің табиғи-климаттық жағдайлары жүзім шаруашылығын дамытуға қолайлы. Ерте көктемнен бастап ұзақ жаз маусымы, шуақты күндердің көп болуы, суармалы егіншілік мүмкіндігі жүзімнің вегетациялық кезеңінің толық өтуіне жағдай жасайды.

Жүзім – өте құнды дақыл. Ол тек тағам ретінде ғана емес, сонымен қатар түрлі өнімдер (шарап, шырын, мейіз, сірке суы және т.б.) алу үшін де кеңінен қолданылады. Қазақстанда жүзім өсірудің тарихы ертеден басталады, бірақ отандық селекцияның дамуы ХХ ғасырдың ортасынан бастап қарқын алды. Осы кезеңде жергілікті климатқа бейімделген жүзім сорттарын шығару жұмыстары жүргізіле бастады.

Жүзім шаруашылығы — Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығыс өңірлерінде ежелден дамыған ауыл шаруашылығы салаларының бірі. Бұл өңірлердегі климаттық жағдайлар (жылы, ұзақ жаз, күн сәулесінің көп мөлшері және жұмсақ қыс) жүзім өсіруге өте қолайлы. Қазақстанда жүзімнің негізінен техникалық (шараптық) және дастарқандық (асханалық) түрлері өсіріледі.

Жүзім шаруашылығын дамытуда отандық селекционерлердің үлесі зор. Олар климатқа бейімделген, өнімділігі жоғары және ауруларға төзімді жаңа сорттарды шығарумен айналысып келеді.

Тақырыптың өзектілігі: Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысы жүзім шаруашылығына қолайлы климаттық жағдайларға ие, бұл аймақтарда жүзім өсіру дәстүрі терең. Жүзім шаруашылығы ауыл шаруашылығының маңызды саласы болып табылады, ол ауыл тұрғындарының табысын арттыруға ықпал етеді.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖҮЗІМ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Қазақстандағы жүзім шаруашылығы негізінен өз тамырлы және жабылатын болып табылады. Елдегі жүзім алқаптарының жалпы көлемі – 15,2 мың гектар, оның 70%-ы оңтүстік өңірде, қалған бөлігі Қазақстанның оңтүстік-шығысында орналасқан.

Түркістан облысы – барлық жүзім алқаптарының шамамен 65,5 % (~ 10 150 га)

Алматы облысы – орта есеппен ~ 4 320 га

Жамбыл облысы – ~ 333 га

Шымкент қаласы – ~ 275 га

Қызылорда облысы – ~ 76 га

Шығыс Қазақстан облысы – ~ 66 га

Алматы қаласы – ~ 30 га

Қарағанды облысы – ~ 23 га

Батыс Қазақстан облысы – ~ 18 га

Ақтөбе облысы – ~ 14 га

Атырау облысы – ~ 11 га

Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Ақмола облыстары және Астана қаласы – әрқайсысы 0,1–8 га аралығында (ең төмен – 0,1 га Астана мен Ақмола облысында).

Жүзім шаруашылығы дамыған өңірлер

Қазақстанда жүзім негізінен мына аймақтарда өсіріледі:

- **Түркістан облысы** – ең ірі жүзім өсіруші өңір;
- **Жамбыл облысы** – таулы және тау бөктеріндегі аудандарда дамыған;
- **Алматы облысы** – Жетісу өңірінде, Еңбекшіқазақ, Ұйғыр аудандарында таралған;
- **Шымкент қаласы маңы** – ірі өндірістік жүзім алқаптары орналасқан.

Бұл аймақтарда орташа жылдық температура 10–12°C шамасында, ал жазда 30–40°C-қа дейін жетеді. Жауын-шашын мөлшері жеткілікті емес, сондықтан суарылатын егіншілік жүйесі дамыған.

Отандық жүзім сорттарының ерекшеліктері

Отандық селекциямен алынған жүзім сорттары төмендегідей артықшылықтарға ие:

- **Климатқа бейімділік** – құрғақ, ыстық жазға және қыстың салыстырмалы суықтарына төзімді;
- **Жоғары өнімділік** – 1 гектардан 100–150 центнерге дейін өнім беруі мүмкін;
- **Ауруларға төзімділік** – мильдю, оидиум, сұр шірік сияқты ауруларға қарсы иммунитет;

- **Қанттылықтың жоғары болуы** – 18–25% дейін;

- **Дәмдік сапасының жоғарылығы** – десерттік дәм, балғын хош иіс;

- **Сақталу және тасымалдау қасиеттерінің жақсаруы.**

Экономикалық маңызы: Жүзім шаруашылығы ауыл шаруашылығының маңызды саласы болып табылады, ол ауыл тұрғындарының табысын арттыруға ықпал етеді.

- Экологиялық маңызы: Жүзім өсіру топырақ эрозиясын болдырмауға және экологиялық тепе-теңдікті сақтауға көмектеседі.

Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысының климаттық жағдайлары

- Климаттық ерекшеліктері: Жаздың ыстық, қыстың жұмсақ болуы, жауын-шашынның жеткілікті мөлшері жүзім өсіруге қолайлы жағдай жасайды.

- Топырақ ерекшеліктері: Құнарлы топырақтар жүзімнің жақсы өсуіне ықпал етеді.

Қазақстанда жүзім шаруашылығы негізінен оңтүстік және оңтүстік-шығыс аймақтарда шоғырланған (Түркістан, Алматы, Жетісу облыстары).

- Жүзім екпелі жер көлемі соңғы жылдары біршама өскенімен, бұл өсім баяу жүруде.

- Жалпы өндіріс көлемі жылына 80–100 мың тонна шамасында.

Ірі шаруашылықтар аз, көп бөлігі ұсақ фермерлік деңгейде өсіріледі.

Өнімділік көбінесе сорт таңдауы мен агротехникалық деңгейге байланысты өзгеріп отырады.

Мәселелер:

Сапасыз көшет материалы

Ескірген агротехнология

Су тапшылығы

Зиянкестер мен ауруларға қарсы күрестің жеткіліксіздігі.

«Қазақстан Республикасында пайдалануға ұсынылатын селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміне» жүзімнің 46 сорты енгізілген, оның ішінде:

38 сорты – интродукцияланған (шетелдік)

8 сорты – отандық селекция

Интродукцияланған жүзім сорттары: (Шетелден әкелінген, Қазақстанға бейімделген): Голден Мускатный, Добруджа, Жемчуг Саба, Королева Виноградников, Мадлен Мускатный, Молдова, Мускат Венгерский, Нимранг, Тайфи Розовый, Тербаш, Алиготе, Баян Ширей, Броколь, Каберне Савиньон, Каберне Фран, Кульджинский, Мерло, Пино черный, Рислинг, Ркацители, Рубиновый Магарача, Саперави.

Отандық селекцияның жүзім сорттары: Ай-АруАлма-Ата, Кара Коз, Кызыл Тан, Мускат Казахстанский, Алмалы, Медео, Алма-Атинский Ранний.

Сорттық ассортимент

Қазақстанда кеңінен өсірілетін сорттардың көбі кеңестік кезеңнен қалған: «Ркацители», «Камберне Савиньон», «Каберне фран», «Шардоне», «Мерло», «Тайфи розовый», «Тербаш» және т.б.

Жаңа отандық сорттар (мысалы, «Айсулу», «Кара коз», «Самал», «Береке», «Мерейтой-50», «Казахстан-20», «Азим») селекция арқылы шығарылуда, бірақ олардың таралуы шектеулі.

Импорттық көшеттерге тәуелділік бар (әсіресе Өзбекстан мен Қырғызстаннан).

Мәселе – сорт таңдауда ғылыми-негізделген жүйе жоқ, фермерлер көбіне нарықта бар көшеттерді негізге алады.

Отандық жүзім сорттарының классификациясы

• Тахникалық сорттар: «Самал», «Береке», «Руфина», «Куралай», «Мейрам-55», «Мирана», «Садима», «Алмалы», «Дамана» сияқты сорттар жоғары сапалы шараптар өндіруге қолданылады.

• Асханалық сорттар: «Мерейтой-50», «Азим», «Кара коз», «Айсулу», «Алма-Ата», «Қызыл-Тан», «» «Қазақстан-20», «Гульшара», «Бакытнур», «Кумис», «Ай-Ару», «Ақжайық», сияқты сорттар асханалық мақсатта пайдаланылады.

• Мейіздік сорттар: «Кишмиш Қазақстанский» сияқты сорттар мейіз өндіруге арналған.

Климат пен экология

Климаттық өзгерістер жүзім өсіруге жаңа талаптар қоюда:

Ерте көктемгі үсік

Жаздың аптап ыстығы

Су ресурстарының тапшылығы

Экологиялық тұрақтылық үшін органикалық егіншілікке көшу трендке айналуға, бірақ бұл бағыт енді дамуда.

АГРОТЕХНИКА НЕГІЗДЕРІ

Жүзім сорттарын таңдаудағы агротехникалық талаптар

Сортты дұрыс таңдау – өнімділік пен сапаның кепілі. Төмендегідей факторлар ескерілуі қажет:

Өсіп-өну ұзақтығы – пісу кезеңі вегетациялық мерзімге сай болуы тиіс.

Қысқа төзімділік – ауа температурасы -20 °С-тан төмен түсетін жерлерде маңызды.

Суармалы режимге бейімділік – әсіресе Жамбыл облысында.

Топырақ типі – құмдауыт, қарашіріндіге бай, жақсы дренажды болуы тиіс.

Өңірлік ерекшеліктер – мысалы, Жетісу аймағында ылғал көбірек, сондықтан саңырауқұлақ ауруларына төзімді сорттар қажет.

Қатар аралығы – 2.5–3 м. Көшет арасы – 1–1.5 м. Жерді алдын ала дайындау қажет.

Жүзімдіктерді отырғызу. Жүзім отырғызуға тегістелген алқаптармен қатар, жер бедері күрделі және тілімденген жерлерді де пайдалануға болады. Тілімденген жер бедері бар учаскелерде міндетті түрде күрделі жоспарлау (жерді тегістеу) жүргізілуі қажет. Топырақтың құнарлылығын сақтау үшін оның қарашірігі мол (жоғарғы) қабаты учаскенің шетіне ығыстырылады да, күрделі жоспарлау аяқталғаннан кейін бүкіл аумаққа біркелкі қайта таратылады. Жерді жоспарлағаннан кейін, отырғызуға дейінгі терең қопсыту жұмыстарын учаскені бойлай және көлденең бағытта 80 см тереңдікке дейін жүргізу қажет. Жерді терең жырттар алдында органикалық және минералды тыңайтқыштар 1-кестеде көрсетілген нормаларға сәйкес енгізіледі.

Кесте 1 – Жүзім сорттарына тыңайтқыштар себу нормасы

Тыңайтқыш түрлері	Өлшем бірлігі	Күрделі жоспарлаудан кейін	Күрделі жоспарлаусыз
Органикалық тыңайтқыштар	т/га	100	60
Минералды тыңайтқыштар:			
фосфор	1 гектарға әсер ететін заттың мөлшері (кг)	200	150
калий	1 гектарға әсер ететін заттың мөлшері (кг)	200	150

Жүзімдік көктемде немесе күзде стандартты көшеттермен отырғызылады. Отырғызу кезінде өсімдіктерді орналастыру келесі сызбаға сәйкес жүргізілуі керек:

- қатар аралықтарының ені – 2,75–3,0 м қатар ішіндегі қашықтық:
- әлсіз және орташа өсу күшіне ие бұталар үшін – 1,5 м, күшті өсетін бұталар үшін – 2,0 м суландырылмайтын (құрғақ) жерлерде – тиісінше 1,25 м және 1,5–1,75 м.

Көктемгі отырғызудың оңтүстік өңірлер үшін оңтайлы мерзімі – наурыздың үшінші онкүндігі мен сәуірдің бірінші онкүндігі аралығы. Оңтүстік-шығыста – сәуір айы.

Күзгі отырғызу мерзімі – оңтүстікте қазаннан қарашаның бірінші жартысына дейін, оңтүстік-шығыста – қазан айында.

Жүзімдік аумағы белгіленген отырғызу сызбасына сәйкес көлденең және бойлық бағытта маркерленіп бөлінеді. Болашақ қатарлар бойымен келифер арқылы 50–60 см тереңдікте ойық-жолақтар (арықтар) қазылады. Бұл арықтар арасындағы қашықтық қабылданған қатар аралығы еніне сәйкес болуы тиіс. Отырғызуға дейін осы арықтар арқылы су жіберіледі.

Отырғызар алдында көшеттің жерүсті бөлігін 1–2 өркен және әр өркенде 2–3 көзшелер қалдырып кеседі. Тамырлары 6–12 см-ге дейін қысқартылады және балшық пен көннен жасалған қоймалжың ерітіндіге (балтушка) малынады.

Көшеттерді алдын ала суарылған арықтарға (немесе «суға отырғызу» тәсілімен) көлденең маркерлік арықтармен қиылысқан жерлерге отырғызады. Отырғызудан кейін міндетті түрде отырғызу арықтары бойымен бекітуші (нығайтушы) суару жүргізілуі тиіс.

Отырғызылған жылы жас жүзімдіктерге вегетациялық суару жұмыстарын, әр қатардың екі жағынан 12–15 см тереңдікте қазылған арықтар арқылы жүргізу қажет. Арықтардың ұзындығы 100–200 м шамасында болуы тиіс. Оңтүстік-шығыс өңірінде топырақ ылғалдылығын толық далалық ылғал сыйымдылығының 70–80%-ы деңгейінде ұстап тұру үшін 5–8 рет, ал оңтүстікте 10 ретке дейін суару ұсынылады. Суару мөлшері — 300–400 м³/га, су ағыны — 0,1–0,2 л/сек шамасында. Арамшөптерді жою және топырақты вегетация кезеңінде қопсытылған күйде сақтау үшін 4–6 рет өңдеу (культивация) жүргізіледі: алдымен қатарға көлденең, кейін бойлай бағытта, бір мезгілде суару арықтарын қазумен бірге. Арамшөптер шыққан кезде жүзім бұталарының айналасында 1–2 рет қолмен қопсыту жұмыстары жүргізіледі.

Дұрыс бұта қалыптастыру және жүзімнің жоғарыға өрмелеуі үшін, жас жүзімнің 2-3 жасында сапалы тіреу орнату қажет, оған жүзім өркендерін байлауға болады. Мұндай тіреу көмегімен: жүзім өркенінің өсуін бақылауға болады; өнімнің көлемін арттыруға мүмкіндік туады; өнім жинау процесін жеңілдетуге болады; учаскенің орнын тиімді ұйымдастыруға болады.

Бұта қалыптасуын қолдау және оның өнімге біркелкі жүктелуін қамтамасыз ету үшін жасыл өркендерді кесу (жою) қолданылады.

Қосарланған және үштік өркендер алынып тасталады, тек ең жақсы дамыған өркен қалдырылады.

Жас бұталарда бұтаға қажетті дұрыс пішін беру үшін оларды кеседі. Қалдыру керек өркендер — мықты және жақсы дамығандар, бұл үлкен және толыққанды шақтар алуға мүмкіндік береді.

Қорытынды. Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығыс өңірлері жүзім шаруашылығын кеңінен дамытуға зор мүмкіндік береді. Бұл үшін жергілікті климат пен нарық сұранысына бейімделген отандық сорттардың рөлі өте маңызды. Селекционерлердің жұмысы мен ғылыми зерттеулер нәтижесінде жаңа өнімді, төзімді, сапалы жүзім сорттары шығарылып жатыр. Олардың негізінде республика жүзім шаруашылығының экспорттық әлеуеті артып, ішкі нарықты сапалы өніммен қамтамасыз етуге жол ашылады.

Фермерлерге арналған ұсыныстар:

1. Сорт таңдауы:

- Өңірге бейімделген, жоғары өнімді отандық және шетелдік сорттарды өсіріңіз (мыс: Мерейтой-50, Азим, Айсұлу, Кара коз, Кызыл тан және т.б.).

2. Сапалы көшет:

- Сертификацияланған питомниктерден алынған өз тамырлы көшеттерді пайдаланыңыз.

3. Агротехника:

- Дұрыс отырғызу, тыңайту, кесу және жүзімді пішіндеу шараларын қатаң сақтаңыз.

4. Суару:

- Тамшылатып суару жүйесін қолданыңыз — бұл суды үнемдеп, өнімді арттырады.

5. Ауруларға қарсы күрес:

- Жүзімді жиі тексеріп, биологиялық немесе химиялық әдіспен қорғаңыз.

6. Жабу:

- Қыста жүзімді суықтан қорғау үшін уақтылы жауып отырыңыз (укрывная культура).

7. Сату мен өңдеу:

- Нарыққа бағытталған сорт өсіріп, шырын, мейіз сияқты өнімдер шығару арқылы табысты арттырыңыз.

8. Мемлекеттік қолдау:

Субсидия, арзан несие, оқыту бағдарламаларын пайдаланыңыз.

«ҚазЖКШҒЗИ» ЖШС
Басқарма төрағасы
а/ш.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі

Айтбаев Т.Е.

Эксперт

Ажитаева Л.А.